

Сабақты қорытындылау.

Рефлексия

- **Рефлексия латын тілінде reflexio – кері оралу мағынасын білдіреді.**
- **Шет тілдері сөздерінің сөздігі рефлексияны өзінің ішкі жағдайы туралы ойлану, өзін өзі тану деп түсіндіреді.**
- **орыс тілінің түсіндірме сөздігі рефлексия сөзінің мағынасын өз ісіне талдау ретінде түсіндіреді. (самоанализ)**
- **Заманауи педагогикада рефлексия астарында өз қызметіне және оның нәтижесіне талдау түсінігі жатыр.**

Рефлексия түрлері

- 1. Көңіл күйі мен эмоционалдық жағдайының рефлексиясы;**
- 2. Сабақ барысындағы жұмысының рефлексиясы;**
- 3. Оқу материалы мазмұнының рефлексиясы;**

Көңіл күйі мен эмоционалдык жағдайы рефлексиясының тәсілдері

- Түрлі түсті үлестірмелер, эмоция спектрінің бейнелері;
- Бет- жүздері бейнеленген үлестірмелер;
- Көңіл күйді білдіретін түрлі-түсті бейнелер


РЕФЛЕКСИЯ



САБАҚТА ӨЗІМДІ ЖАҚСЫ
СЕЗІНДІМ, БӘРІН ТҮСІНДІМ




САБАҚТА ӨЗІМЕ СЕНІМСІЗ
БОЛДЫМ,
АЗДАП ҚИНАЛДЫМ



САБАҚТА ЕШТЕҢЕ
ТҮСІНБЕДІМ

“Бағдаршам” рефлексиясын қолдану



Оқушылар бағдаршам түстеріне сәйкес кері байланыс жасайды

«Күншуақ» рефлексиясын қолдану

Тақтада күн орнатылған, балаларға сары және көгілдір түсті сәулешіктер таратылады. Сәулешіктер күнге жапсырылуы керек:

сары түсті – маған өте ұнады, өте көп қызық ақпараттар алдым;

көгілдір түсті – сабақ қызық емес, мен үшін маңызды ақпараттар болған жоқ.



«Алма ағашы» рефлексиясын қолдану



Қызыл алмаға түсінгендерін, жасыл алмаға қиналатын сұрақтарын, сары алмаға түсінбегендерін жазып, ағашқа орналастырады.

«Тілектер тізбегі» рефлексиясын қолдану

Өзара әрекеттестік нәтижесі негізінде немесе тапсырма орындау алдында өзіне және өзгелерге тілек айту ұсынылады. Бір-біріне символ тапсыруға да болады.



Сабаққа көңілі толу өлшемі

0-ден 0,4 (0,4
қоспағанда) –

ТӨМЕН;

0,4-тен 0,6 (0,6
қоспағанда) –

**нормаға
жақын;**

0,6 және
жоғары–

жоғары.

Жай күйі	+1	0	-1	Жай күйі
қызығушылығы артты				жалықты
белсенді				селқос
қауіпсіз				қорғансыз
өздігімен орындай алады				бағынышты
қанағаттанғанды				қанағаттанбады
жетістік сезімі				жеңіліс сезімі
тілдесу қуанышы				жалғыздық сезімі
сенімділік				сенімсіздік
көңілі көтерілді				көңіл күйі түсті
жаңалықты сезінді				үйреншікті сезім

“Бір сөзбен” рефлексиясын қолдану

*Оқушылар ұсынылған 12
сөздің ішінен өз жай
күйлерін нақты жеткізе
алатын 3 сөзді таңдап алу
керек*

*Ыза
ашу
қуаныш
немқұрайлылық
қанағаттану
қанаттану
Іш пысу
үрей
тыныштық
сенімділік
сенімсіздік
ләззат алу*

«Жетістік сатысы» рефлексиясын сабақта қолдану



Білемін...

Түсінемін

.....

**Қолымнан
келеді.....**

«Таңдау» рефлексиясын қолдану

Оқушыларға өздерінің оқуға көзқарасы мен сабақ үстіндегі қатысу деңгейін білдіретін сөздердің тұсына + таңбасын қою ұсынылады.

- 1. Мен сабақ қызықты _____ жалықтыратындай болды деп ойлаймын.**
- 2. Мен көп нәрсе үйрендім _____ ештеңе меңгермедім.**
- 3. Мен өзгелерді тыңдадым мұқият _____ зейінсіз.**
- 4. Пікірталасқа мен белсенді қатыстым жиі _____ сирек.**
- 5. Сабақ үстіндегі өз жұмысыма көңілім толды _____ көңілім толмады.**

«Аяқталмаған сөйлем» рефлексиясын қолдану

Бүгін мен ...
білдім.
Мен үшін
қызық болды.
Мен үшін қиын
болды.
Мен...
тапсырмалар
орындадым.
Мен ... екенін
түсіндім.
.....менің қолымнан
келді.

Мен енді... жасай
аламын.
Мен...сезіндім.
Мен ...туралы білім
алдым.
Мен үйрендім.
Мені ... таң
қалдырды.
Мен...өзімді сынап
көремін.

«Сабақта өзіңді бағала» рефлексиясын қолдану

Оқушылардың әрқайсысына сабақтағы жұмысын мінездейтін фразалар жазылған үлестірмелер таратылады. Оқушы өзінің жұмысына тиісті фразалардың астын сызу арқылы баға беруі керек.

Сабақ	Мен сабақ үстінде	Қорытынды
1. қызық	1. жұмыс істедім	1. түсіндім
2. жалықтырды	2. демалдым	2. көбірек білдім
3. Маған бәрі бір	3. басқаларға көмектестім	3. түсінбедім

**«Білемін – білмеймін – білгім келеді» рефлексиясын
қолдану**

Білемін	Білмеймін	Білгім келеді
Оқушылар сабақ бойынша нені түсінгендерін жазады.	Сабақ бойынша нені түсінбегенін жазады.	Осы тақырып бойынша тағы нені білгісі келетінін жазады.

«Синквейн» рефлексиясын қолдану

Бұл рефлексия – оқушыларға оқылған материал жайында түсінігін көркем түрде бағалауға мүмкіндік беретін шығармашылық тәсіл. «Синквейн» сөзі француз тілінен шыққан, “5” дегенді білдіреді.

Бұл 5 жолды өлеңді құрастыру ережесі :

- 1- жол – тақырып немесе заттың аты (1 зат есім)
- 2- жол – заттың сыны (екі сын есім);
- 3- жол – іс-әрекетті білдіретін сөздер (үш етістік);
- 4- жол – тақырыпқа қатысты бір сөйлем,
- 5- жол – тақырыптың мазмұнын кеңіте түсетін бір синоним сөз.